

Темперамент. Темперамент туралы теориялар

Орындаған: Исманбеков Шерхан

Топ: М1703-20

Темперамент

- **Темперамент түсінігі**

- **Темперамент** (латын тілінен аударғанда – сәйкестік) - әр адамның психологиялық қызметінің қозғалысын (психологиялық динамикасын), немесе мінез-құлқын сипаттайтын ерекшелік.
- Темперамент – организмнің физиологиялық өзгешеліктерімен, әсіресе жоғары нерв қызметінің тума қасиеттерімен шарттас психикалық құбылыс.
- Темперамент дегеніміз психикалық процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және адам мінез құлқын, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқталуы мен өзгерісін сипаттайтын қасиеттер жиыны.

Темперамент сипаттары

Темпераменттің келесідей екі сипаты белгілі:

- Белсенділік, бұл адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуі. Ол адамның қозғалыс темпінде, шапшаңдығында және интенсивтілігінде көрінеді;
- Эмоциялық, ол сезімталдылық, импульсивтілік және әсерлілігінде көрінеді.

Темперамент туралы теориялар

- Темперамент туралы ілім өте ерте замандарда пайда болған. Темпераменттің негізін салған ежелгі грек дәрігері Гиппократ (б.з. д.460-377ж) темпераментке алғаш түсініктеме беріп, оны негізінен жүйке жүйесінің қасиеттерімен емес, ағзада әр түрлі сұйықтықтардың (қан, шырын, сары және қара өт) біреуінің басым болуымен байланыстырған.
- Ағзадағы осы сұйықтықтардың бірінің басымдығы адамның темпераментін анықтайды: қан басым болса-сангвиник, шырын басым болса - флегматик, сары өт басым болса- холерик және қара өт басым болса- меланхолик айқындалады деген.

- **Сангивиникалық.** Еті тірі, қабілетті, қозғалғыш оқушы. Ондай адам ақкөңіл және қызу, жеңіл мінезді, ренжігенде тез қайтып кетеді, сәтсіздігін жеңіл өткізеді. Коллектив арасында жүргенді адаммен тез тіл қымтырылмайды, кісіге қайырымды.
- **Меланхоликалық.** Бұл темперамент өкілінде психикалық процесстер өте баяу жүреді. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді.
- **Холирикалық.** Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшандылығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Күйгелектік сондай ақдамдарға тән. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді.
- **Флагматикалық.** Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланып жауап беру.

Меланхолик

Флагматик

Сангивиник

Холирик

Б.М.Теплов темпераментке келесідей анықтама береді:

"Темперамент дегеніміз бір жағынан эмоциялы қозуға, яғни сезімнің туу шапшаңдығына, екінші жағынан олардың күшіне байланысты болатын белгілі бір адамға тән психикалық ерекшеліктердің жиынтығы".

Темперамент қасиеті жеке адам қасиеттеріне тек шартты түрде бағынады және ол биологиялық, әрі туа біткен қасиет болғандықтан көбінесе индивидуалдік ерекшелік болып табылады.

Неміс философы **И.Кант** өзінің “Антропология” деген еңбегінде темпераменттің 4 түрі туралы толық психологиялық сипаттама береді. Бірақ ол темперамент пен мінез ұғымдарын бір – біріне балама ретінде қарастырды.

Неміс анатомы **Гейне** темпераменттердің түрліше болуы жүйке жүйесінің тонусына байланысты десе, орыс антропологы **Н.Л.Зеланд** ми қабықшасындағы молекулярлық қозғалыстың жылдамдығы мен біркелкілігіне байланысты деді.

Орыс педагогы **П.Ф.Лесгафт** темпераменттерді қан сауыттарының жуандығы мен кеңдігіне байланысты деп тұжырымдады.

И.П. Павлов

- Гуморальды және морфологиялық теориялардың негізгі кемшіліктері олар темпераменттің алғашқы мінез-құлықтық пайда болуына ағза жүйесінің қажеттіліктерін меңгермеген және меңгере алмайтын қасиеттерді жатқызды.
- Темпераменттің ғылыми теориясын И.П. Павловтың жануарлар мен адамдардың жүйке жүйесінің типологиялық қасиеттері туралы ілімі жасады.
- Павловтың ерен еңбегі - әсерлерді әмбебапты реттеу және бақылау қабілетін меңгерген ағза жүйелерінің біреуінің орталық, жүйке жүйесіндегі мінез-құлықтың динамикалық ерекшеліктері және жетекші рөлі туралы нақты теориялық және эксперименттік зерттеуі болып табылады. Павлов жүйке процестерінің үш негізгі қасиеттерін бөліп көрсетті: күш, қозу және тежелу процестерінің біркелкілігі және құбылмалылығы. Жүйке процестерінің қасиеттері арқылы осы процестер қандай деңгейде пайда болады және олар бір-біріне қалай әсер ететінін көрсететін қозу мен тежелуді сипаттайды.
- ЖЖІ келесі типтерін бөліп көрсетуге болады:
 - - Күшті, қозу процесі біркелкі емес (холерик темпераментіне сәйкес келеді).
 - - Күшті, біркелкі, қозғалмалы (сагвиник темпераментіне сәйкес келеді).
 - - Күшті, біркелкі, инертті (флегматик темпераментіне сәйкес келеді).
 - -Әлсіз (меланхолик темпераментіне сәйкес келеді).

И.П.Павлов бойынша адамның жүйке жүйесінің типтері

Сангвиник

- Ширақ
- Жүйке жүйесі күшті
- Қозуы мен тежелуі тең
- Қозғалғыш адам

Флегматик

- Жүйке жүйесі күшті
- Қозғалысы баяу
- Қозуы мен тежелуі тең

Холерик

- Ұстамсыз
- Жүйке жүйесі күшті

Меланхолик

- Жүйке жүйесі әлсіз

Э. Кречмер

- Тұлғаның қазіргі теорияларының қалыптасуына және оның индивидуалды ерекшеліктеріне Э. Кречмер ұсынған темпераменттің *морфологиялық* теориясы әсер етті. Кречмер морфологиялық белгілердің жиынтығын талдай отырып, дене бітімінің негізгі конституционалды типтерін көрсетіп, темпераментті осы морфологиялық конституция типтері арқылы анықтады.
- Темпераменттің морфологиялық теориясына соматикалық конституцияның («соматотип») үш негізгі типі: эндоморфты, мезоморфты және эктоморфты деп бөлген америкалық психолог У. Шелдонның концепциясы жатады. Оның пікірінше, эндоморфты типке, сыртқы келбетінің жұмсақтығы мен дөңгелектігі, сүйек және бұлшық ет жүйелерінің әлсіз дамығандығы тән; оған висцеротоникалық темперамент комфортқа жақындық, сезімталдық ниет, әлсіреген және баяу реакция сәйкес келеді. Мезоморфты тип қатігез және өткір мінез-құлқымен, сүйек-бұлшықеттік жүйесінің басымдылығымен, атлетикалық және күштілігімен сипатталады; онымен соматотоникалық темперамент байланысты, ол шытырман оқиғаларға жақындық, тәуекелге бейім, күшті іс-әрекетке құштар, белсенділігімен, батылдылығымен, агрессивтілігімен ерекшеленеді. Конституцияның эктоморфты типіне дене бітімінің әсемділігі мен нәзіктігі, көрініп тұрған бұлшықетінің жоқтығы тән; бұл самототипке қарым-қатынасқа аз түсетіндігімен, ерекшелену және жалғыздыққа бейімділігімен, жоғары реактивтілігімен сипатталатын церебротоникалық темперамент сәйкес келеді.